

Бангладештегі Мьянманың рохинджа мұсылмандарына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 869 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Бангладештегі Мьянманың рохинджа мұсылмандарына ресми ізгілік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2017 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің айырбастау күнгі ресми бағамы бойынша 500000 (бес жүз мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты арнайы банктік шотқа аударуды қамтамасыз етсін:

Bank name: Turkiye Vakiflar Bankasi A.S.

Account Name: Turk Isirligi ve Koordinasyon Ajansi Baskanligi

SWIFT BIC: TVBATR2A

IBAN Account: TR67 0001 5001 5804 80004562 05.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев